

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Маңғыстау облысы

№030240000329/260592/00

Жүктерді тасымалдауға және вагондарды беру-алып кетуге арналған**№ К-135-02-2026 шарт**

Ақтау қ.

2026 жыл

Әрі қарай «Тармақ иеленуші» деп аталатын «**Каскор-Транссервис**» АҚ, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы А.С. Борашев тұлғасында, бір тараптан, және әрі қарай «Контрагент» деп аталатын «**Мангистауский атомный энергетический комбинат**» ЖШС, 09.12.2025ж. №01-25/484 Сенімхат негізінде әрекет ететін Бас директордың жаңғырту және логистика жөніндегі орынбасары С.Ж. Идирисов атынан, екінші тараптан, бірге «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар, төмендегілер туралы осы Жүктерді тасымалдауға және вагондарды беру-алып кетуге арналған Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

- 1) Тармақ иеленуші – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде темір жол кірме жолына иелік ететін тұлға;
- 2) Контрагент – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде рельс бойындағы қоймаларға, жүктерді сақтауға арналған алаңдарға, тиеу-түсіру механизмдеріне және (немесе) басқа тармақ иеленушінің кірме жолдарына іргелес жатқан кірме жолдарға иелік ететін немесе кірме жолдардың қызметтерін пайдаланатын тұлға;
- 3) Жүк алушы – тасымалдау құжаттарында көрсетілген және жүкті алушы тұлға;
- 4) Жүк жөнелтуші – тасымалдау құжаттарында көрсетілген және жүкті жөнелтуші тұлға;
- 5) Экспедитор – тасымалдау құжаттарында көлік экспедициясы шарты негізінде тасымалдаудың төлеушісі ретінде көрсетілуі мүмкін, жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсететін тұлға;
- 6) Кірме жолдар – жүк жөнелтушілерге, жүк алушыларға қызмет көрсетуге арналған және магистральдық және (немесе) станциялық жолдарға тікелей немесе басқа кірме жолдар арқылы жалғасатын темір жолдар;
- 7) Вагондарды беру-алып кету – локомотивпен вагондарды контрагенттің қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдары мен тиеу, түсіру (жүктен босату) орындары арасындағы кірме жолдарда орнын ауыстыру;
- 8) Тасымалдау қызметтерін пайдаланушы – Жүк жөнелтуші, Жүк алушы, Экспедитор;
- 9) Қазақстан Республикасының Заңы – «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 08.12.2001 жылғы № 266-II Заңы;



10) Жүктерді тасымалдау қағидалары - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.08.2019 жылғы № 612 бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидалары;

11) ТПҚ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 12.05.2011 жылғы № 275 бұйрығымен бекітілген Теміржолдарды техникалық пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу қағидалары;

12) Тарифтік нұсқаулық - «Каскор-Транссервис» АҚ Директорлар Кеңесінің қаулысымен бекітілген «Каскор-Транссервис» тарифтік нұсқаулығы.

2. Шарттың мәні

2.1. Шарт Контрагентке келетін жүктерді Ақтау-Порт станциясынан Контрагенттің кірме жолдарына тасымалдауды және вагондарды беру-алып кетуді ұйымдастыру бойынша, Ақтау-Порт станциясы бойынша вагондарды тапсыру бойынша және тасымалдау процесінің өзге де технологиялық операциялар кешенін (әрі қарай - қызметтер) көрсету бойынша Тараптардың өзара қарым-қатынасын реттейді.

2.2. Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген қызметтер Тармақ иеленушінің меншігіндегі жалпыға ортақ пайдаланылмайтын кірме теміржол жолдарында Тармақ иеленушінің локомотивтерімен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының Жалпыға ортақ пайдаланылатын теміржол желісі бойынша тасымалдау болып табылмайды.

Тармақ иесінің кірме жолдарына іргелес кірме теміржол жолдары Контрагенттің меншігінде болуы мүмкін.

2.3. Вагондарды кірме жолдары жоқ Жүк алушыға/Жүк жөнелтушіге Контрагенттің кірме жолына беру оның келісімімен және Контрагент, Жүк алушы/Жүк жөнелтуші және Тармақ иеленуші арасындағы үш жақты жазбаша келісімді ресімдеумен жүзеге асырылады.

Өз тарапынан осы келісімге қол қою арқылы, Тармақ иеленуші Жүк алушыға/Жүк жөнелтушіге келетін вагондарды Контрагенттің кірме жолына беруге рұқсат етеді.

Вагондарды Контрагенттің кірме жолына беру-алып кетуге келісімнің нысаны Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген.

Вагондарды беру-алып кетуге Контрагенттің келісімін алудың осындай тәртібі Жүк алушы/Жүк жөнелтуші кірме жолы бар басқа Контрагентті таңдаған сайын қолданылады.

2.4 Төменде аталған құжаттар және оларда көзделген шарттар осы Шартты құрайды оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт
- 2) техникалық шарттар (2 қосымша)
- 3) лоттардың тізбесі және қызмет көрсету шарттары (3 қосымша)



3.1. Пойыздардың кірме жол бойынша қозғалысы Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасын және Қазақстан Республикасының осы мәселелерді регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде Контрагенттің теміржол кірме жолында қызмет көрсету және қозғалысты ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықты (әрі қарай – Контрагенттің нұсқаулығы) сақтаумен жүргізіледі.

3.2. Шарт жасасқанға дейін Контрагент Тармақ иеленушіге кірме жолды иелену құқығын растайтын құжаттарды ұсынады.

3.3. «Кірме жолдың шекарасы» белгісі Контрагенттің нұсқаулығына сәйкес орнатылады.

3.4. Теміржол кірме жолының кеңейтілген ұзындығы Контрагенттің нұсқаулығына сәйкес анықталады.

3.5. Вагондарды теміржол кірме жолына беру хабарлама бойынша жүргізіледі.

Тармақ иеленуші вагондарды алдағы уақытта беру туралы Контрагентке вагондарды нақты беруге дейін 2 сағаттан кешіктірмей телефон арқылы (қоңырау, SMS немесе WhatsApp мессенджері арқылы ұялы байланыстың көмегімен) хабарлайды. Хабарламаларды беру тәулік бойы жүргізіледі.

Тармақ иеленуші өтінімді алғаннан кейін және жүкті тасымалдау үшін алдын ала төлем келіп түскеннен кейін ғана вагондарды Контрагенттің кірме жолына береді.

3.6. Вагондарды Контрагенттің теміржол кірме жолына беру және алып кету Тармақ иеленушінің локомотивімен, Контрагенттің Нұсқаулығына сәйкес вагондарды тиеу-түсіру орындарына орналастырумен жүзеге асырылады.

Теміржол кірме жолына бір мезгілде берілетін вагондардың жалпы саны қашықтық кестесіне сәйкес анықталады.

3.7. Вагондарды беру және алып кету үшін ақы алынатын қашықтық Контрагенттің нұсқаулығына сәйкес анықталады.

3.8. Вагондардың кірме жолда тұрып қалуын есепке алу нөмірлік тәсіл бойынша жүргізіледі.

3.9. Ақтау-Порт станциясына жетіспеушілік, бүліну немесе зақымдану белгілері бар вагондар мен жүктер келген жағдайда, оларды теміржолдан қабылдауды Контрагент Қазақстан Республикасының Заңына, Жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес тікелей өзі жүзеге асырады.

3.10. Жүктерді кірме жолда тиеу және түсіру мерзімдері Жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес анықталады.

3.11. Қауіпті жүктер тиелген вагондарды тиеу, түсіру, төгу, құю, сақтау, тұраққа қою және олармен маневрлік жұмыстар Жүктерді тасымалдау қағидаларына және Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің 05.04.1996 жылғы он бесінші отырысында бекітілген Қауіпті жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Контрагент авариялық шығарындыларды, төгілулерді, газдануды және басқа да аса қауіпті факторларды ауыздықтау құралдарының болуын қамтамасыз етеді.



3.12. Вагондардың қайтаруға дайындығы туралы Контрагент Тармақ иеленушіге телефон арқылы (қоңырау, SMS немесе WhatsApp мессенджері арқылы ұялы байланыстың көмегімен) хабарлайды және Контрагенттің кірме жолы бекітілген Тармақ иеленушінің станциясына тасымалдау құжаттарын ұсынады.

3.13. Жүктерді түсіргеннен кейін вагондар Контрагенттің күшімен жабық борттарымен қоқыс қалдықтары мен деректемелерден тазаланып, пломбалары шешіліп, вагондардың сыртындағы бормен жазылған таңбалары алынып тасталуы тиіс.

3.14. Техникалық және коммерциялық тұрғыдан вагондардың қаралуы мен Контрагенттен Тармақ иеленушіге берілуі тиеу-түсіру орындарында жүзеге асырылады. Анықталған ақаулар екі тарап өкілдерінің қолы қойылған ГУ-23 жалпы нысандағы актісінде белгіленеді.

Тармақ иеленуші қабылдамаған (тазартылмаған, жүктерді тиеу мен бекітудің техникалық шарттарын бұзумен тиелген, дұрыс пломбаланбаған және басқа да коммерциялық және техникалық ақаулары бар) Контрагенттің вагондары ақаулық жойылғанға дейін, олар Контрагенттің пайдалануында болған бүкіл кезең бойынша вагондарды пайдаланғаны үшін төлемақының есептелуімен Контрагенттің пайдалануында болып есептеледі.

3.15. Тиеудің техникалық шарттарының бұзылуын (артық тиеу, кем тиеу) тексеру Ақтау-порт станциясында (вагон таразысы бар жол) жүргізіледі. Тиеудің техникалық шарттарын бұзумен тиелген вагондар (артық тиеу, кем тиеу) анықталған жағдайда, бұзушылықтарды жою вагондар өлшенген станцияға іргелес жатқан кірме жолдарда жүзеге асырылады немесе Контрагенттің кірме жолына қайтарылады.

3.16. Контрагент зақымдаған, теміржолға тиесілі вагондар өз күшімен және құралдарымен жөнделген жағдайда, вагондарды жөндеу мен теміржол қызметкерінің вагондарды қабылдауы аяқталғанға дейін Контрагенттің пайдалануында тұрған вагондар болып есептеледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Тармақ иеленушінің келесі міндеттері бар:

4.1.1. Контрагенттің тиелген және бос вагондарын өзінің теміржол кірме жолдары арқылы тасымалдауды жүзеге асыру, вагондарды іріктеу мен қалыптастыруды орындау, вагондарды тиеу, түсіру орындарына орналастыра отырып оларды беру-алып кету және жүктерді тасымалдаумен байланысты басқа да қызметтерді көрсету.

4.1.2. Вагондар келгеннен кейін, келіп жатқан вагондар мен жүктерге Тармақ иеленушінің теміржол кірме жолы арқылы тасымалдауға арналған ішкі жүк құжаттарын рәсімдеу.

4.1.3. Вагондар келгеннен кейін Шарттың 3.4. тармағына сәйкес Контрагентке вагондардың межелі станцияға келуі және олардың тиеу-түсіру орындарына берілуі туралы хабарлау.

4.1.4. Контрагентке Шартта белгіленген мерзімдерде қызметтердің бағасының өзгеруі туралы хабарлау.

4.2. Тармақ иеленушінің келесі құқығы бар:

4.2.1. Контрагенттен Шартта көзделген төлемді жасауын талап ету.



4.2.2. Контрагенттен қызметтерді уақтылы қабылдауын және орындалған жұмыстар актісіне қол қоюын талап ету.

4.2.3. Тасымалдауға арналған өтінім, жүк тасымалы үшін алдын ала төлем болмаған жағдайда Контрагентке келген вагондарды бермеу.

4.2.4. Вагондарды Контрагенттің кірме жолдарынан алып кетпеу, егер де Контрагенттің кірме жолында:

- 1) түсірілген жүкті қоса алғанда, габарит бомлаған немесе бұзылған болса;
- 2) вагондар жүк қалдықтарынан, қоқыстан тазартылмаған немесе олардан деректемелер алынбаған болса;
- 3) қозғалыс қауіпсіздігін, сондай-ақ жүктің, жылжымалы құрамның қауіпсіздігін және жеке қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етпейтін барлық басқа жағдайларда.

4.2.5. Тармақ иеленушінің уәкілетті өкілдері-мамандары тексеру жүргізу арқылы Контрагенттің және оған іргелес жатқан объектілердің жолдың жоғарғы құрылысының (рельстердің, шпалдардың, балласт қабатының) жай-күйіне, бағыттамалық бұрмаларға, құрылыстардың жақындау габариттеріне, сақтандырғыш және сигналдық құрылғылардың болуы мен жарамдылығына, маневрлік жұмыстарды жүргізу жағдайларына қатысты бөлігінде кірме теміржол жолының техникалық жай-күйіне Контрагенттің кірме теміржол жолының аумағына кіру құқығымен бақылауды жүзеге асыруға.

Қарап-тексеру нәтижелері қарап-тексеру актісімен ресімделеді, оған Тараптардың өкілдері қол қояды не қарап-тексеруге қатысудан бас тартқан жағдайда Контрагентке біржақты тәртіппен жіберіледі.

4.2.6. Контрагенттің кінәсінен келтірілген зиянның өтелуін талап ету.

4.2.7. Қызметтердің бағасын қайта қарау және ол туралы Контрагентке олардың қолданысқа енгізілуіне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша нысанда хабарлау. Жаңа бағалар туралы ақпарат Тармақ иеленушінің сайтында да орналастырылады.

4.2.8. Контрагенттің тапсырмасы бойынша және оның есебінен, ол үшін жүк құжаттарын рәсімдеу мен раскредитовка жасау, сондай-ақ жадынамаларға, вагондарды беру және алып кету тізімдемелеріне қол қою, ШКЖ АБЖ бағдарламасына кіру үшін өз деректерін (логин мен құпиясөз) ұсына отырып Тармақ иеленушіге жазып берілген сенімхат арқылы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-ның тауар кассасында жинақ карталары мен әртүрлі алымдардың түбіртектерін төлеу.

4.3. Контрагенттің келесі міндеттері бар:

4.3.1. Жоспарланған айдың басына дейін **25-ші күннен кешіктірмей** Zayavka@Kascor-ts.kz, Taks-Klient@kascor-ts.kz электрондық адресстеріне Тармақ иеленушінің кірме жолдар бойынша **тасымалдаудың бір айлық жоспарына** жазбаша түрде өтінім беру.

4.3.2. Тармақ иеленушінің кірме жолдарында қозғалысты ұйымдастыруды жоспарлау үшін тасымалдаудың басталуына дейін **5 (бес) жұмыс күні бұрын** Тармақ иеленушіге жұмыс күндері сағат 08:30-дан 17:30-ға дейін zayavka@kascor-ts.kz, taks-klient@kascor-ts.kz электрондық адресстеріне Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша жазбаша түрде **вагондарды қабылдауға және беруге арналған өтінімді ұсыну**.

Өтінім демалыс және мереке күндері берілген жағдайда, өтінім бірінші жұмыс күні, кезек тәртібімен өңделетін болады.

4.3.3. Вагондардың келгені туралы хабарламаларды қабылдауға жауапты тұлғаларды тағайындау және Тармақ иеленушіге жазбаша түрде олардың тегін және тәулік бойы қолжетімді телефон нөмірлерін ұсыну.

4.3.4. Контрагенттің жауапты тұлғаларына қабылдау-тапсыру операцияларын жүргізуге, тасымалдау құжаттарына қол қоюға, вагондарды беру-алып кету тізімдемелеріне қол қоюға арналған сенімхат беру.

4.3.5. Вагондар Ақтау-Порт станциясына келгеннен кейін Тармақ иеленушіге (вагондарды айырбастау пунктіне) ішкі жүк құжаттарын рәсімдеу үшін негізгі теміржол жүкқұжатының бір данасын қолма-қол (көшірмесін алу үшін) ұсыну немесе оның көшірмесін dzhaubaeva@kaskor-ts.kz, obm-oppd@kaskor-ts.kz электрондық адресіне жіберу.

Осы тармақтың талаптары орындалмаған жағдайда, Контрагент құжаттарды ұсынғанға дейін ГУ-23 жалпы нысандағы актінің жасалуымен, вагон пойыздан ағытылады.

4.3.6. Вагондарды кірме жолға оларды тиеу-түсіру (босату) орындарына беру кезінде болу. Олай болмаған жағдайда жылжымалы құрамның бүлінуі, кем шығуы немесе ақаулары бойынша шағымдарды Тармақ иеленуші қабылдамайды.

4.3.7. Вагондардың ақаусыздығын, оның ішінде бекіту-сақтандыру, тиеу-түсіру және төгу-қю құрылғыларының ақаусыздығын қамтамасыз ету.

4.3.8. Тармақ иеленушінің кірме жолдарында қауіпті жүктің ағуымен, төгілуімен байланысты авариялық жағдай және қоршаған ортаның өзге жолмен ластануы орын алған жағдайда, вагондарды қабылдау кезінде техникалық ақаулығын бірге тексеріп қараудың нәтижелеріне қарамастан, ағуды жою және цистерналарды немесе вагондарды Тармақ иеленушінің кірме жолдарынан шығару және оларды өз жолдарына немесе тиісті жүктерді сақтауға арналған мамандандырылған жолдарға (ағызу құрылғылары мен эстакадалары бар) немесе басқа қауіпсіз орынға түсіру үшін жеткізу бойынша шараларды дереу қолға алу.

4.3.9. Өз кінәсінен орын алған оқыс оқиғаның, оқиғаның немесе аварияның салдарын өз күшімен және өз есебінен жою.

4.3.10. Контрагенттің кінәсінен қоршаған орта ластанған жағдайда салдарын жою және Тармақ иеленушіге келтірілген залалды өтеу.

4.3.11. Вагондардың тұрып қалуын қысқарту, тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыруды күшейту, өзінің кірме жолында пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі мен вагондардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында өз есебінен барлық қажетті іс-шараларды орындау, соның ішінде:

1) жолдың бүкіл бойында кірме жолдарға жыл бойы қызмет көрсету және ағымдағы күтіп ұстау, ақаулықтардың пайда болу себептерін зерделеу және оларды жою және қолданыстағы заңнамаға сәйкес алдын алу бойынша жұмыстарды орындау;

2) жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру, кірме жолдарды жөндеуді уақытылы жүргізу;

3) теміржол кірме жолының оның ішінде вагондарды тиеу және түсіру орындарын, Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



өткелдерді ТПҚ талаптарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құжаттарының талаптарына сай техникалық ақаусыз күйінде ұстау;

- 4) тиеу және түсіру орындарын қоса алғанда, теміржол кірме жолдарын олардың аумағы шегінде жарықтандыру;
- 5) теміржол кіреберіс жолдары мен өткелдерін қоқыс пен қардан, арамшөптен және жүк қалдықтарынан тазарту;
- 6) тежегіш табандықтардың болуын және сақталуын қамтамасыз ету.

4.3.12. Кірме теміржол жолына бақылау тексерулерін жүргізуге кедергі келтірмеуге және Тармақ иеленушінің өкілдерінің Контрагентпен келісілген уақытта Контрагент аумағына кіруін қамтамасыз етуге.

Шарт шеңберінде жүзеге асырылатын кірме темір жолдың Тармақ иесінің бақылауы Контрагенттің шаруашылық қызметіне араласу болып табылмайды, бұл тек қана поездар қозғалысының қауіпсіздігін, қызметкерлердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға бағытталған.

4.3.13. Шарттың талаптарына сәйкес Тармақ иеленушінің қызметтеріне ақы төлеуді жүргізу;

4.3.14. Контрагенттің кінәсінен келтірілген Тармақ иеленушінің құжатпен расталған шығыстарын (залалдарын) Шарттың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес өтеу.

4.3.15. Шартта көзделген мерзімде көрсетілген қызметтердің сапасына шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне қол қою.

4.3.16. Тармақ иеленушіге Шарт шеңберінде қол қою үшін алынған барлық құжаттарды, соның ішінде Шартты және Орындалған жұмыстар актісін сканерленген нұсқасында - олардың алынған сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, ал түпнұсқасын - 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қайтару. Осы міндеттеме бұзылған жағдайда, Тармақ иеленуші құжаттарды мәжбүрлеп өндіріп алу үшін және/немесе оларды қайтармаудың салдарынан келтірілген залалды өтеу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

4.4. Контрагентке келесілерді жасауға тыйым салынады:

4.4.1. Вагондарды тиеу-түсіру шебінде қолмен немесе осы мақсатқа арналмаған құрылғылардың немесе механизмдердің, автокөлік құралдарының көмегімен жылжыту.

4.4.2. Осы мақсатқа арналмаған құрылғыларды немесе механизмдерді пайдалана отырып вагондардың есіктерін ашып-жабу.

4.4.3. Вагон доңғалақтарының астынан тежегіш табандықтарын алу.

4.4.4. Авариялық жағдайға немесе жылжымалы құрам мен жүктердің бүлінуіне және сәйкесінше жұмысшылардың жарақаттануына әкелуі соғуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді орындау.

4.5. Контрагенттің келесі құқығы бар:

4.5.1. Қауіпсіздік талаптарына және технологиялық нормаларға сәйкес белгіленген сапада қызметтерді алу.



4.5.2. Шартта белгіленген мерзімдерде Тармақ иеленушіден қызметтер бағасының өзгеруі туралы ақпарат алу.

4.5.3. Контрагенттің вагондарын Контрагенттің кірме жолдарына беруді уақытша тоқтату немесе шектеу бойынша қабылданған шешім туралы ақпаратты себептерінің көрсетілуімен, Шартта белгіленген мерзімдерде алу.

5. Қызметтердің құны және есеп айырысу тәртібі

5.1. Қызметтердің құны Тармақ иеленушіде қолданылатын Тарифтік нұсқаулыққа сәйкес, оның ажырамас бөлігі болып табылатын Прейскурантта (Шарттың №2 қосымшасы) көрсетілген бағалар бойынша есептеледі.

5.2. Контрагенттің жүктерін тасымалдау қызметтері үшін есеп айырысуға арналған негізгі құжаттар мыналар болып табылады: теміржол жүкқұжаты, Тармақ иеленушінің өкілдері толтыратын Вагондарды беру-алып кетуге арналған тізімдеме, жалпы нысандағы актілер, анықтамалар, орындалған жұмыс актілері (ОЖА) және қызметтердің көрсетілген күні берілетін электрондық шот-фактуралар (ЭШФ).

5.2.1. Вагондарды беру-алып кету тізімдемелерінде вагондардың пайдаланылуын есепке алу нөмірлік тәсілмен жүргізіледі.

5.3. Тасымалдау басталар алдында Контрагент Тармақ иеленушінің есеп айырысу шотына 50% алдын ала төлем жасау арқылы жүктерді тасымалдау қызметтерінің ақысын төлеуге міндетті. Төлем Контрагенттің берген өтініміне сәйкес ұсынылған шот-фактура негізінде жүзеге асырылады.

Жүкті тасымалдағаны үшін төлемдер және жүкті алдыңғы тасымалдағаны үшін Тармақ иеленушіге тиесілі өзге төлемдер салынбайынша жүктерді келесі тиеу/ түсіру үшін вагондарды беру тоқтатылады.

5.4. Көрсетілген қызметтер үшін түпкілікті есеп айырысуды Контрагент жүктерді тасымалдаумен байланысты барлық көрсетілген қызметтер құнының ескерілуімен ОЖА-ға Тараптардың қолы қойылып, ЭШФ алынғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

5.5. Шарт кез келген негіздер бойынша бұзылған жағдайда, Контрагенттен ақшаны қайтару туралы жазбаша талапты алғаннан кейін және Тараптардың арасында өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне қол қойылғаннан кейін Тармақ иеленуші Контрагентке пайдаланылмаған алдын ала төлем қалдығы қайтаруға міндеттенеді.

5.6. Егер Контрагент ОЖА алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тармақ иеленушіге оған қол қоюдан бас негізді тартуды ұсынбаса, Тармақ иеленуші ОЖА-ға біржақты тәртіппен қол қойған және Контрагент оны қабылдаған және қызметтер толық көлемде орындалған болып есептеледі.

5.7. Контрагент Тармақ иеленушіге Тармақты пайдаланушының қолы қойылған вагондарды беру-алып кету тізімдемелері негізінде есептелген, жүк операцияларындағы (тиеу-түсіру) вагондар үшін теміржол кірме жолын бергені үшін төлемақы төлейді.

5.8. Түгендемелік жиынтықтың вагондарын пайдаланғаны үшін төлемақы «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ-ның қолданыстағы мөлшерлемелері бойынша есептеледі.



5.9. Тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның бірінші айының 5-ші күнінен кешіктірместен, бірлескен есеп айырысуды салыстырып тексеру актісі жасалып, оған екі тараптың өкілдері қол қояды.

5.10. Контрагенттің кінәсінен барлық қажетті құжаттардың уақтылы ұсынылмауына және рәсімделмеуі салдарынан (темір жол бойынша тарифтің кем шығуы, Тармақ иеленушінің кірме жолдары арқылы жүк тасымалы үшін алдын-ала төлемнің болмауы және басқа да себептер бойынша) «ҚТЖ - Жүк тасымалы» АҚ вагондарды қабылдамаған жағдайда немесе вагондар Тармақ иеленушінің кірме жолдарында ағытылған жағдайда, Жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес ГУ-23 жалпы нысанында акт жасалады. Бұл жағдайда Тармақ иеленуші келтірілген шығындардың орнын толтыру мақсатында Контрагентке тарифтік нұсқаулыққа сәйкес әрбір вагон үшін төлемақы есептейді.

5.11. Тиеу-түсіру шебінің бос болмауы себебінен (шептерге сыймайтын) беруге күтіп тұрған вагондарға, қақпалардың жабық болуы себебінен берілмеген вагондарға ГУ-23 жалпы нысанында акт жасалып, оған Тараптардың қолы қойылады. Актіде Тармақ иеленушінің кірме жолындағы вагондардың кідіруінің (күтуінің) басталуы мен аяқталуы, вагондардың түрі мен өстігі бойынша саны көрсетіледі. Контрагентке Тарифтік нұсқаулыққа сәйкес әрбір вагон үшін төлемақы есептеледі.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

6.2. Контрагент тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде вагондардың, бекіту-пломбалау құрылғыларының және жүктердің сақталуына, оның ішінде вагондардың жабдықтарын шешуге, сондай-ақ Тармақ иеленушіден вагондарды қабылдау сәтінен бастап, оларды Тармақ иеленушіге нақты тапсыру сәтіне дейін Контрагенттің жолдарында тұрған вагондарды өз күшімен күзетуге жауапты болып табылады.

6.3. Шарттың 5.3. тармағында және 5.4. тармағында көзделген қызметтердің ақысын төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Контрагентке міндеттемелер нақты орындалған күнге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін уақтылы төленбеген соманың 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбы есептеледі.

6.4. Контрагент шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда және есептелген төлемдерді уақтылы салмаған жағдайда, Тармақ иеленуші Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, тасымалдау үшін өзіне берілген жүктерді тасымалдау ақысының және басқа да тиесілі төлемдердің қамтамасыз етуі есебіне ұстауға құқылы.

6.5. Шарттың 4.3.10. тармағында көзделген жағдайда, вагондарды қабылдау кезінде вагондардың техникалық жарамдылығын бірлесіп тексерудің нәтижелеріне қарамастан, Контрагент Тармақ иеленушіге келтірілген нақты залалды, оның ішінде Контрагенттің кінәсінен авариялық жағдайлардан (ағып кету, төгілу және т.б.) және қоршаған ортаның кез келген басқа ластану жағдайларынан туындаған, қоршаған ортаны ластағаны үшін айыппұлдар мен төлемдер сомасы өтейді.

6.6. Өзінің кірме жолында тасымалдау процесінің қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген жағдайда, Контрагент жылжымалы құрамның қауіпсіздігі мен зақымданғаны үшін вагондардың берілген сәтінен бастап нақты шығарылуына дейін толық материалдық жауапкершілікте болады және Тармақ иесіне келтірілген зиян мен шығынды өтеуге міндеттенеді.



6.7. Контрагент адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруге, тасымалдау процесіне қатысушылардың және үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруге әкелген қауіпсіздік талаптарының бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтереді

6.8. Тармақ иеленушінің алдында Контрагенттің берешегі туындаған жағдайда, немесе Контрагент Шарттың басқа талаптарының талаптарын бұзған жағдайда, Тармақ иеленушінің қызмет көрсетуі берешектің 100%-ы өтелген сәтке дейін немесе туындаған бұзушылықтар жойылған сәтке дейін тоқтатылады. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы тоқтатыла тұрған жағдайда Тармақ иеленуші Шартты орындаудың тоқтатылған күнінен бастап бір тәулік ішінде бұл туралы Контрагентке хабарлайды. Контрагент тоқтата тұру туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтарды жоюға міндетті, бұл ретте Тармақ иеленуші осындай бұзушылықтардың жойылған күнінен бастап Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды жалғастырады.

7. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)

7.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл тараптардың еркінен тыс орын алған еңсерілмейтін күш жағдайларының, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, соғыс қимылдарының, төтенше жағдайдың енгізілуінің, блокаданың, індеттің салдары болса, сонымен қатар мемлекеттік органдардың Шарт бойынша өз міндеттемелерді орындауға тыйым салатын немесе қандай да бір жолмен кедергі келтіретін нормативтік актілерді немесе өкімдерді шығаруының салдары болса.

7.2. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күштің мән-жайлары, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.

7.3. Тараптардың кез-келгені еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, олар туындаған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде екінші тарапқа осы жағдайлардың туындағаны туралы жазбаша хабарлап, уәкілетті орган берген растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

7.4. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

7.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толығымен немесе ішінара орындай алмауы 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар міндетті түрде өзара есеп айырысумен Шартты бұзуға құқылы.

8. Даулар мен келіспеушіліктерді шешу

8.1. Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара келіссөздер арқылы шешіледі, ал егер өзар атиімді шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, Тармақ иеленушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.



9.1. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады. Бұл ретте Шарттың талаптары Тараптардың 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап туындаған қатынастарына қолданылады.

Шарттың қолданылу мерзімі Тараптардың жазбаша келісімі бойынша Шартқа қосымша келісім жасасу жолымен ұзартылуы мүмкін.

10. Жалпы ережелер

10.1. Шартта қарастырылмаған барлық мәселелер бойынша тараптар Қазақстан Республикасының теміржол көлігі қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

10.2. Станциядағы немесе кірме жолдағы техникалық жарақтандыру, жұмыс технологиясы өзгерген жағдайда, кірме жолдарды пайдалану шарттарын өзгертетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері қабылданған жағдайда немесе Шарт талаптарын орындаумен байланысты басқа да өзгерістер болған жағдайда, Тараптардың қолы қойылатын қосымша келісім түрінде Шартқа қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізу арқылы Шарт аталған нормативтік құқықтық актілерге және енгізілген өзгерістерге сәйкес өзгертілуі тиіс.

10.3. Шартты орындаудан біржақты бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, екінші Тарапқа Шарттың болжамды бұзылу күніне дейін кемінде бір ай бұрын міндетті түрде алдын ала хабарлаумен жол беріледі. Шартты бұзу және талаптарын өзгерту Тараптардың келісімі бойынша, ал дау туындаған жағдайда – сот тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.

10.4. Шарттың талаптарын өзгерту, оны бұзу тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған, мөрмен бекітілген, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісіммен рәсімделеді.

10.5. Тараптар пошталық, заңды мекенжайларының және (немесе) банк деректемелерінің өзгергені туралы бір-біріне 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

10.6. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды күші бірдей 2 (екі) данада жасалады, тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан. Шарттың мәтіні бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, оның орыс тіліндегі нұсқасы пайдаланылатын болады.

11 Реквизиттер



Контрагент:

**«Мангистауский атомный
энергетический комбинат» ЖШС**
130000, Маңғыстау обл., Ақтау қ., 7-
өнеркәсіптік аймақ, 65-ғимарат
БСН 030240000329
ЖСК KZ966010231000017128
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК HSBKZKX
Тел. +7 /7292/ 564-679
e-mail: rtukenova@maek.kz

**Бас директордың жаңғырту және
логистика жөніндегі орынбасары**

_____ **С.Ж. Идирисов**

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты

Тармақ иеленуші:**«Каскор-Транссервис» АҚ**

130001, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 3 Б
ш/а.,
48-ғим., а/ж № 438
БСН 970840000386
ЖСК KZ2696511F0007478502
«Forte Bank» АҚ Ақтау қаласындағы
филиалы
БСК IRTYKZKA
Тел.: +7 (7292) 30-15-96
e-mail: kts.aktau@gmail.ru

Басқарма Төрағасы

_____ **А.С. Борашев**



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2026 қаржылық жыл												
	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Кірмежолдарды пайдаланудың қызмет көрсетулері	Кіреберіс жолдарын пайдалану қызметтері	Жүк тасымалдау және вагондарды тиеу-түсіру қызметтері (К)	Бір қызмет	1	16 101 498.73	Шартқа қол қойылған күннен бастап 31.12.2026ж. дейін	Шартқа қол қойылған күннен бастап 31.12.2026ж. дейін	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. 7-өнеркәсіптік аймақ, "МАЭК" ЖШС, СХ (1)	50	16 101 498.73



Договор о государственных закупках услуг

Мангистауская область

№030240000329/260592/00

Договор № К-135-02-2026**на перевозку грузов и подачу-уборку вагонов**

г. Актау

2026 года

АО «Каскор-Транссервис», именуемое в дальнейшем «Ветвевладелец», в лице Председателя Правления Борашева А.С., действующего на основании Устава, с одной стороны, и **ТОО «Мангистауский атомный энергетический комбинат»**, именуемое в дальнейшем «Контрагент», в лице Заместителя генерального директора по модернизации и логистике Идирисова С.Ж., действующего на основании Доверенности № 01-25/484 от 09.12.2025г., с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности «Сторона», заключили настоящий Договор на перевозку грузов и подачу-уборку вагонов (далее - Договор) о нижеследующем:

1. Основные понятия, используемые в Договоре

- 1) Ветвевладелец - лицо, владеющее железнодорожным подъездным путем на праве собственности или иных законных основаниях;
- 2) Контрагент - лицо, владеющее на праве собственности или иных законных основаниях прирельсовыми складами, площадками для хранения грузов, погрузочно-разгрузочными механизмами и (или) подъездными путями, примыкающими к подъездным путям другого ветвевладельца, или пользующееся услугами подъездных путей;
- 3) Грузополучатель - лицо, указанное в перевозочных документах и получающее груз;
- 4) Грузоотправитель - лицо, указанное в перевозочных документах и отправляющее груз;
- 5) Экспедитор - лицо, оказывающее услуги по организации перевозок грузов, которое может указываться в перевозочных документах в качестве плательщика перевозки на основании договора транспортной экспедиции;
